**Мектеп формасы мен оқушылардың сыртқы келбетіне қойылатын талаптар туралы**

# ЕРЕЖЕ

**«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» КММ**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

- ✓ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- ✓ ҚР БҒМ 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (2025 жылғы 30 сәуірдегі №98 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен);
- ✓ Мектеп Жарғысы, ішкі тәртіп ережелері, Педагогикалық кеңес пен Жалпы ата-аналар жиналысының шешімдері.

1.2. Бұл Ереже 1–11 сынып оқушыларына арналған мектеп формасына, спорттық формасына және сыртқы келбетіне бірыңғай талаптарды белгілейді.

1.3. Мектеп формасы барлық оқушылар үшін міндетті және зайырлы, классикалық сипатта болуы тиіс. Түстер гаммасы – ұстамды реңктер (үш үйлесімді түстен артық емес).

1.4. Оқушылар киімі санитариялық-эпидемиологиялық нормалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

## 2. Мақсаты мен міндеттері

- ✓ Тең мүмкіндіктер, тәртіп пен қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз ету;
- ✓ Іскерлік стиль мен киім мәдениетін қалыптастыру;
- ✓ Әлеуметтік және діни теңсіздік көріністерінің алдын алу.

## 3. Жалпы талаптар

3.1. Мектеп формасы:

- ✓ күнделікті;
- ✓ салтанатты;
- ✓ спорттық.

3.2. Материалдары: мақта, жартылай жүн және бактерияға қарсы қасиеттері бар төзімді маталар.

3.3. Діни белгілер, агрессивті символдар, жарақаттаушы фурнитура қолдануға тыйым салынады.

## 4. Форманың құрамы

4.1. Ұл балалар үшін:

- ✓ қара көк түсті пиджак немесе жилет;
- ✓ классикалық қара көк түсті шалбар;
- ✓ жейде (ақ – салтанатты, біртүсті ұстамды реңкте – күнделікті);
- ✓ суық мезгілде қара көк түсті кардиган/джемпер;
- ✓ аксессуар: галстук немесе көбелек-галстук (қалауы бойынша);

- ✓ **туфли және тобықты жабатын шұлық.**

4.2. Қыз балалар үшін:

- ✓ қара көк түсті пиджак, жилет немесе сарафан;
- ✓ классикалық белдемше немесе еркін пішімді шалбар (белдемше ұзындығы тізеден 10 см жоғары/төмен болмауы тиіс);
- ✓ классикалық блузка (ақ – салтанатты, біртүсті – күнделікті);
- ✓ қыс мезгілінде қара көк түсті кардиган/джемпер.

4.3. Жиын, мереке, олимпиадалар кезінде мектеп эмблемасы тағып, үсті - ақ, асты - қара көк түсті салтанатты форма киеді.

4.4. Спорттық форма:

- ✓ біртүсті футболка немесе лонгслив;
- ✓ спорттық костюм (шалбар мен кофта);
- ✓ табаны із қалдырмайтын кроссовкалар. Тек дене шынықтыру сабақтарында және спорттық іс-шараларда қолданылады.

**5. Оқушылардың сыртқы келбеті**

- ✓ Киім таза, үтіктелген, бүтін болуы тиіс.
- ✓ Аяқкиім жабық және ұқыпты; ауыстырмалы аяқкиім міндетті.
- ✓ Шаш реттелген; тату-жапсырмалары, пирсинг, көзге түсетін макияж, эпатажды аксессуарлар мен шаш үлгілері рұқсат етілмейді.
- ✓ Ұл балаларға да, қыз балаларға да кез келген бас киім киюге қатаң тыйым салынады.

**6. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері**

6.1. Оқушы күн сайын мектеп формасын киіп келуге және оны таза күйде ұстауға міндетті.

6.2. Мектептік өзін-өзі басқару арқылы формаға өзгерістер енгізу мәселесін талқылауға қатысуға құқылы.

6.3. Сабақ уақытында мына киімдерді киюге тыйым салынады:

- ✓ спорттық киім (костюмдер мен элементтері);
- ✓ демалыс киімі (шорты, толстовка, майка, шалбар сыртына шығаратын жейде, кең свитерлер, шарфтар, бриджи, леггинстер);
- ✓ мөлдір (дене бөліктері айқын көрінетін мата), ашық-шашық және тым тар киім (көйлек, белдемше, блузка);
- ✓ былғары немесе оның орнына қолданылған, плащ матадан тігілген киімдер;
- ✓ спорттық аяқкиім (дене шынықтыру сабағынан басқа);
- ✓ артқы жағы ашық аяқкиім (шлепкі, тәпішке), биік өкшелі туфли (7 см-ден жоғары);
- ✓ ашық түсті, жылтырақ элементтері бар киім, эпатаж аксессуарлар мен бейресми жастар ұйымдарының белгілері.

**7. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) міндеттері**

7.1. 1 қыркүйекке дейін бекітілген үлгідегі форманы сатып алу.

7.2. Баланың сыртқы келбетін қадағалау.

7.3. Қажет жағдайда қамқоршылық кеңеске әлеуметтік көмек үшін жүгіну.

**8. Форманы сатып алу және жаңа үлгіге көшу тәртібі**

- ✓ Форма ата-аналардың еркімен бөлшек саудадан сатып алынады; отандық өнімдерге басымдық беріледі.
- ✓ Фасон өзгерген жағдайда мектеп кемінде 1 оқу жылы өтпелі кезең жариялайды.

**9. Бақылау және жауапкершілік шаралары**

9.1. Бұл ереже мектеп Жарғысының қосымшасы болып табылады және оқушылар мен қызметкерлер үшін міндетті.

9.2. Мектеп формасы мен сыртқы келбетті сақтамау — мектеп Жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін бұзу болып саналады.

9.3. Бұзушылық болған жағдайда (оқушы формада келмесе), ата-аналарға сынып жетекшісі немесе кезекші әкімшілік тарапынан хабарланады.

| Бұзу кезеңі | Ықпал ету шарасы | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1-ші рет | Ауызша ескерту, күнделікке жазу | Сынып жетекшісі |
| 2-ші рет | Ата-аналарға жазбаша хабарлама | Әкімшілік |
| 3 және одан көп | Ата-аналарды мектеп комиссиясымен әңгімеге шақыру; білім бөліміне хабарлау | Мектеп басшысы |
| Жүйелі түрде | КДН хаттамасы, ҚР ӘҚБтК 409-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік (5 АЕК айыппұл) | Білім бөлімі |

**10. Ережеге өзгерістер енгізу**

Өзгерістер Педагогикалық кеңестің шешімімен, қамқоршылық кеңес пен ата-аналар келісімімен енгізіледі және мектеп басшысының бұйрығымен бекітіледі.

**11. Қорытынды ережелер**

11.1. Бұл ереже мектеп сайтында және фойеде орналастырылады.

11.2. Ереже мектеп директорының «27» 08 *2025 ж.* №76 бұйрығымен күшіне енеді.

**Мектеп басшысы** Ayzan H. A ____________ 2025 ж.
(Т.А.Ә.) (қолы)

**Ережемен танысты:** оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер (Жалпымектептік ата-аналар жиналысы және сынып жиналыстарының хаттамаларындағы қолтаңбалар бойынша).

**ПОЛОЖЕНИЕ**
**о школьной форме и внешнем виде обучающихся**
**КГУ «Школа-гимназия № 6 имени Абая Кунанбаева города Степногорск отдела образования по городу Степногорск управления образования Акмолинской области»**

**1. Общие положения**

1.1. Настоящее Положение разработано в соответствии с:

- ✓ Законом Республики Казахстан «Об образовании»;
- ✓ Приказом Министра образования и науки РК от 14.01.2016 г. № 26 «Об утверждении Требований к обязательной школьной форме для организаций среднего образования» (в ред. приказа МП РК № 98 от 30.04.2025);
- ✓ Уставом школы, Правилами внутреннего распорядка, решениями Педагогического совета и Общешкольного родительского собрания.

1.2. Положение устанавливает единые требования к школьной форме, спортивной форме и внешнему виду обучающихся 1–11 классов.

1.3. Школьная форма обязательна для всех обучающихся и носит светский, классический характер. Цветовая гамма − спокойные тона (не более трёх совместимых цветов).

1.4 Одежда учащихся должна соответствовать санитарно-эпидемиологическим нормам и требованиям безопасности.

**2. Цели и задачи школьной формы**

- ✓ обеспечение равных условий, дисциплины и безопасной образовательной среды;
- ✓ формирование делового стиля и культуры одежды;
- ✓ профилактика проявлений социального и религиозного неравенства.

**3. Общие требования**

3.1. Школьная форма подразделяется на:

- ✓ повседневную;
- ✓ парадную;
- ✓ спортивную.

3.2. Материалы: полушерсть и хлопковые ткани с улучшенными свойствами, имеющими высокую износостойкость, с антибактериальными, антимикробными и антистатическими свойствами.

3.3. Запрещено включение элементов одежды религиозной принадлежности различных конфессий в школьную форму, травмирующая фурнитура.

**4. Комплектация формы**

**4.1. Для мальчиков:**

- ✓ пиджак или жилет темно-синего цвета;

- ✓ классические брюки темно-синего цвета;
- ✓ рубашка (белая – парадная, однотонная спокойного цвета – повседневная);
- ✓ трикотажная кофта/кардиган в холодное время темно-синего цвета;
- ✓ аксессуар: галстук или бабочка (по желанию);
- ✓ **туфли и носки, закрывающие щиколотки.**

**4.2. Для девочек:**

- ✓ пиджак, жилет либо сарафан темно-синего цвета;
- ✓ юбка классического кроя или брюки классического кроя темно-синего цвета (длина юбки – 10 см ниже/выше колена не допускается);
- ✓ классическая блузка (белая –парадная, однотонная–повседневная);
- ✓ трикотажная кофта/кардиган темно-синего цвета зимой.

**4.3. Парадная форма**

Носится на торжественных линейках, праздниках, олимпиадах: белый верх, тёмный низ, нагрудная эмблема школы.

**4.4. Спортивная форма**

- ✓ футболка или лонгслив однотонного цвета;
- ✓ спортивный костюм (брюки, кофта);
- ✓ кроссовки с немаркой подошвой. Используется только на уроках физкультуры и спортивных мероприятиях.

**5. Внешний вид обучающихся**

- ✓ Одежда чистая, выглаженная, без повреждений.
- ✓ Обувь закрытая, опрятная; сменная пара обязательна.
- ✓ Прическа аккуратная; яркий макияж, тату-наклейки, пирсинг, эпатажные аксессуары не допускаются. Не допускаются эпатажные прически, распущенные волосы.
- ✓ Категорически запрещается ношение любых головных уборов как для мальчиков, так и для девочек.

**6. Права и обязанности обучающихся**

6.1. Обучающийся обязан ежедневно приходить в школу в школьной форме, поддерживать её в надлежащем состоянии.

6.2. Имеет право участвовать в обсуждении изменений формы через школьное самоуправление.

6.3. Запрещается использовать в учебное время:

Спортивную одежду (костюмы и элементы спортивного гардероба).

- ✓ Одежду для активного отдыха (шорты, толстовки, майки, футболки, рубашки на выпуск, объемные свитера, шарфы, бриджи, леггинсы).
- ✓ Прозрачные, декольтированные и слишком облегающие платья, юбки и блузки.
- ✓ Одежду из кожи или кожзаменителя, плащевую ткань.

- ✓ Спортивную обувь, в том числе для активных видов спорта (кроме уроков физической культуры).
- ✓ Обувь без задника (шлепанцы, тапочки) и туфли на высоком каблуке (выше 7 см).
- ✓ Яркие цвета, блестящие элементы и эпатажные аксессуары, включая пирсинг и символику неформальных молодежных объединений.

**7. Обязанности родителей (законных представителей)**

7.1. Приобрести форму установленного образца до 1 сентября.

7.2. Контролировать внешний вид ребёнка.

7.3. При необходимости обращаться в попечительский совет за социальной поддержкой.

**8. Порядок приобретения и перехода на новую форму**

- ✓ Форма приобретается в розничной сети по свободному выбору родителей; предпочтение отечественным производителям.
- ✓ При изменении фасона в будущем школа объявляет переходный период не менее 1 учебного года.

**9. Контроль и меры ответственности**

9.1. Данное положение подлежит обязательному исполнению как учащимися, так и сотрудниками школы.

9.2. Несоблюдение школьной формы и внешнего вида является нарушением Устава школы и Правил внутреннего распорядка.

9.3. В случае нарушения Положения (учащийся явился без школьной формы), родители будут уведомлены классным руководителем или дежурным администратором в течение учебного дня.

| **Этап нарушения** | **Мера воздействия** | **Ответственные** |
|---|---|---|
| 1-е нарушение | Устное замечание, запись в дневник | Классный руководитель |
| 2-е нарушение | Письменное уведомление родителям | Администрация |
| 3-е и последующие | Привлечение родителей к беседе с комиссией школы; обращение в отдел образования | Руководитель школы |
| Систематические нарушения | Протокол КДН, возможно административное взыскание по ст. 409 КоАП РК (штраф 5 МРП) | Отдел образования |

**10. Изменение Положения**

Изменения вносятся решением Педсовета при согласовании с попечительским советом и родителями; утверждаются приказом руководителя школы.

**11. Заключительные положения**
11.1. Положение размещается на сайте школы и в фойе.
11.2. Настоящее Положение вступает в силу с момента утверждения приказом руководителя школы №_76_ от «27» _06_ 2025 года.

**Руководитель** _Аязан Н.А_______________ 2025 г.
(Ф.И.О.) (подпись)

*С Положением ознакомлены:* обучающиеся, родители, педагоги (подписи в Протоколе общешкольного родительского собрания и протокола классных собраний).